

«Жұлдыз» ерте жас тобының тәрбиешісі
Кусмагамбетова Улпан Рамазановнаның
2022-2023 оқу жылының жылдық
жұмыстарының есебі

Қазіргі таңда тобымызда 18 бала оның 12 қыз бала, 6 ұл баламен жұмыс жасап келе жатырмын. Жыл бойы оқу-тәрбие жұмысы балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде (2022 жылғы 14 қазан. №422) 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс әрекетінің апталық жүктемесіне сай жүргіземін.

Оқу қызметіне керекті А-3, А-4 және А-5 форматтағы көрнекіліктерді, ламинаттанған үйлестірімелі материалдар әзірледім. Сенсорика дағдысы бойынша фетр матадан буклет, ләпбук тігіп жасасақ, денсаулық дағдысы бойынша массаж жолын тіктік. Жаңа технология бойынша «Додекаэдр» әдісін жасап болып қалдым. Сонымен қатар қазіргі бағдарлама бойынша заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастырып, баланың бойына ыңғайлы етіп, ойын ойыншығын кедергісіз алу үшін сөрелер жасадық. Топтағы барлық кеңістікті баланың білімін жетілдіру үшін, ойын ойнау барысында дағдыландыра отырып дамытамыз. Осыған орай керуетке ілетін ойын бұрышын жасақтаған болатынбыз, онымен жарда ілулі тұрған күйінде де және үстел үсті етіпте ойнауға болады. Батареяларды да бос қалдырмау үшін сенсорика дағдысына бейімдеп ұшып тұрған үкілерді ілдік. Фетрмен бос тұрған жарларды безендірдік. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында ата-аналар көмегімен топқа қазақи оюмен безендірілген 10 көрпе тіктірдік. Ата-аналармен бірге қосылып, театр сахналауға пайдалану үшін, тапсырыспен үйшік алдырттық.

Қазан айында ата-аналар жиналысын өткіздік, онда ата-аналарды жылдық жоспармен таныстырып, жаңа ата-аналар комитетін сайладық. Психолог тренингтер өткізді. Медбике, психолог тарапынан ата-аналарға кеңестер берілді. Тобымызды күз мезгіліне байланысты безіндірдік. Қазан айында ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылған «Күз сыйы» көрмесіне ат салысқан ата-аналарға алғыс хат табыстадық. Сонымен қатар қараша айында күз мерекесіне арналған «Алтын күз!» атты ертеңгілік өткіздік. Күз мерекесіне орай басқа топтарда бұлт, аю болдым.

Желтоқсан айында жоспарланған екінші ата-аналар жиналысын өткіздік. Ол жиналысты ерекше етіп, қазіргі замануи етуге тырысып, «Түрлі-түсті кеш» ұйымдастырдық. Алдын ала ата-аналарды түстерге бөліп тастап, сол түс бойынша киініп келуді ұсынған болатынбыз. Арты тәтті шайға жалғасты. Жаңа жыл мерекесіне орай дайындап жатқан жоспарымызбен таныстырып, балалар қандай киім киетіндерін алдын ала айттық. Медбике,

психолог тарапынан ата- аналарға кеңестер берілді. Медбике баяндама оқып берді. Жаңа жыл мерекесіне байланысты ата-аналармен көрме ұйымдастырдық. Тәуелсіздік күні мерекесіне барлық топпен бірігіп, ертеңгілік өткізсек, жыл соңында «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізді өз тобымызбен өткіздік. Балаларымыз белсене қатысып, ата-аналарымыз алғыстарын білдірді. «Жаңа Жыл» атты ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен ертеңгіліктер өтті, топтарда Аяз ата, аю, ақ қала, жалмауыз кемпір болдым. Өзіміздің тобымызды қыс мезгіліне байланысты безіндірген болатынбыз. Ата- аналарға ай сайын баяндамалар оқылып, жылжымалы папкалар әзірлеп жүрміз. Қаңтар айында өз тобымыздың ішінде «Қыс қызығы» атты ойындар ұйымдастырып, балалармен бірге көңілді күн өткіздік. Сонымен қатар күннің екінші жартысында балаларға қызықты ертегілерді үнемі сахналап көрсетіп отырдым.

Ақпан айында Қобда аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік пародия» атты сайысқа белсене қатысып, жүлделі екінші орынды иелендік.

Көктемде атап өтілетін мерекелердің бірі 8-Наурыз мерекесіне арналған «Аяулы анашым !» атты ертеңгілік өткізгенбіз. Сол мерекенің бір өзгешелігі балаларымыздың анасына арнап жасаған сыйлықтары, соны табыстаған кезде аналары сезімдерін жасыра алмады. 22 наурызға барлық топ бірігіп, мерекелік концерт ұйымдастырдық.

Наурыз айында мерзімінен бұрын аттестациялауға портфолиамды сарапшы санатына тапсырып көрген болатынымын, одан өтіп, ҰТО барып тест тапсыруға мүмкіндік алдым. Барлығы 30 сұрақтан тұратын тестте 27 балл жинап, педагог-сарапшы біліктілік санаты берілді.

Республикалық білім орталығының ұйымдастыруымен өткен, «Менің отбасым» атты конкурсқа қатысып, Нұрбекұлы Омар мен Мендыгулова Айым бірінші орынды иеленді. Басқа да осындай онлайн конкурстарға қатысып, балаларым жүлделі орындарды алып жатыр. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадаға қатысып, алғыс хатпен марапатталдым. Мамыр айында ерте дамыту институтының дайындауымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру » атты курсты өтіп, сертификатпен марапатталдым. Мамыр айында қорытынды жиналыс жасап, жыл бойына белсенді қатысқан ата-аналарға «Алғыс хат» табыстадық. Бұл жиналыстың ерекшелігі ата-аналарымызды екі топқа бөліп, бірі армандарындағы тәрбиешіні салса, екінші топ бөбекжайды салды. Осымен ата-ананың үнің тыңдауға бір қадам жасағаным деп білемін. Бізден қандай жұмыс күтетінің түсініп, алдағы уақытта осы ойды басшылыққа алып жұмыс жасаймын және жыл бойында біздің өтініштерімізді екі етпей барлық

конкурстарға қатысқан аналарды өз атымнан арнайы марапатпен марапаттадым.

Қазіргі таңда балалар мынадай жетістіктерге жетті: Балалар жақсы амандасуға, қоштасуға біледі. Денсаулық дағдысы бойынша: жаттығуларды жасау, жұптасып жүру, секіру, еңбектеу, допты лақтыруды біледі. Комуникация дағдысы бойынша: дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың биіктігін, екпінін, күшін есепке алып дәл айтады. Тәрбиешінің сөзін түсінуге, сұрақтарға жауап беруді біледі. Таным дағдысы бойынша: түстерді, көлемді және т.б. үйренді. Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен үйшік, көпір құрастыра алады. Шығармашылық дағдысы бойынша сазбалшық, ермексазбен жұмыс жасай алады. Әнді тындап, әуен ырғағымен қимыл-қозғалысты жасайды.

Жыл бойы ата-аналар жиналысы уақытымен өткізіліп, жиналыс барысында түрлі тренингтер ойналып, сауалнама толтыру секілді жұмыстар атқарылды. Өртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды, мысалыға «Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері», «Балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз» деген сияқты маңызды тақырыптар қозғалып, кеңестер берілді.

Тәрбиеші:

Кусмагамбетова У.Р.